

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
Министрлігі

Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті



Министерство образования
и науки Республики
Казахстан

Костанайский
государственный
университет имени
Ахмета Байтурсынова

Байтұрсынов оқулары

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ

Байтұрсыновские

ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

Baitursynov readings

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND RESEARCH CONFERENCE
CONTENT



2-нші бөлім

Сәуір, 2016

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

| | | |
|-----------------------------------|--|-----|
| | ТЕХНОЛОГИЯ ВОЗДЕЛЫВАНИЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ КУЛЬТУР НА ПОРОДАХ ГОРНОРУДНЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ И РЕКУЛЬТИВИРОВАННЫХ ЗЕМЛЯХ..... | |
| ӘБСАДЫҚОВ А.А. МИННЕГУЛОВ Х.Ю. | ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫ ЖӘНІ ФОЛЬКЛОР..... | 223 |
| ЕШКИНА Д.Ю. | ПРОЕКТИРОВАНИЕ БЛОГ-САЙТА УЧИТЕЛЯ КАК СРЕДСТВО СОЗДАНИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ ДЛЯ УЧИТЕЛЕЙ, УЧАЩИХСЯ И РОДИТЕЛЕЙ..... | 225 |
| КНАМЗИН О.Т. | BORROWED WORDS IN THE ENGLISH LANGUAGE..... | 229 |
| ПИГОРЕВА О.В. | РЕАЛИЗАЦИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ ПО ИЗУЧЕНИЮ ТРАДИЦИОННОЙ РЕЛИГИОЗНОЙ КУЛЬТУРЫ В ПРОВИНЦИЯХ ЦЕНТРА РОССИИ НА РУБЕЖЕ XX–XXI ВЕКОВ..... | 231 |
| САМЕТОВА Г.С. | К ВОПРОСУ ОБ ОСОБЕННОСТЯХ ГРАДОФОРМИРОВАНИЯ ВОЕННЫХ КРЕПОСТЕЙ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В XVIII – НАЧ. XIX ВВ..... | 235 |
| СОКОВА О.Т. СМАИЛОВА Г.Т. | ФОРМИРОВАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ БИОЛОГИИ..... | 239 |
| ЧАУКЕРОВА Г.К. | ЭКСТРАЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ В ТЕОРИИ НОМИНАЦИИ..... | 242 |
| ШАМАТОВА Б.А. | СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫҢ ДӘМЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ..... | 245 |
| АЛТЫБАЕВА А.Б. | ЖОО ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ КӨРКЕМ МӘТІНДІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ ҮЙРЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ..... | 247 |

қолды өлең», «Негізгі идеяны суреттеу», «Кубизм», «Шығармалар кестесі», «Сөздер сөйлейді», «Қарама-қарсы элементтер», «Блумның сұрақ қою стратегиясы», «Логикалық тізбек» т.б. стратегиялар арқылы білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға өзірлейді.

III. Ой толғаныс (рефлексия).

Оқуды қорытындылауы. Оқушы алған білімін пайдалана отырып шешім қабылдайды, топпен бөлініп берілген тапсырмалары болса, өздері дәлелдейді, көрсетеді, жағалайды немесе «Эссе жазу», «Бес жолды өлең» тәсілдерін пайдаланады. Қазіргі оқыту үрдісінде оң әсерін көрсетіп жүрген әдістердің бірі – «Топқа бөліп шығармашылық тапсырмалар беру». Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған «Венн диаграммасы», «Семантикалық карта», «Т кестесі», «Еркін жазу», «Білемін, білгім келеді, үйрендім», «Автор орындығы», «Эссе», «Пікірталас», «Зерделі сұрақ, дәлелді жауап», «Идеялар тактасы» т.б. сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне лайықтыла қолданылады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдістерін пайдалануынадай жетістіктерге қол жеткізуімізге тікелей ықпал жасайды:

- білім алушылардың сабаққа деген, білім алуға деген құлшынысын, қызығушылығын арттырады;

- білім алушыларға сабақты түсіндіру жұмыстары тиімді де оң нәтижелі танытады;

- білім алушылардың өздігінен ойлау, шығармашылық жұмыстарды өздігінен орындауы, өз пікірін айта алу мен оны дәлелдей алу, басқа біреудің пікірін тыңдай алу, т.б. қажетті болған қасиеттері дами түседі;

- білім алушылар өз еңбектерінің нәтижесінде қол жеткізген тәжірибесі есінде берік сақталынады.

Мен өз тәжірибемде сын тұрғысынан ойлау модулін сабақтарымда кеңінен қолдануға тырысамын. Өйткені, білім алушылардың сөйлеу тілін дамытуда бұл модульдің берері зор. Сабақ кезінде білім алушы не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді, қайта қарап, өзгерістер, жаңалықтар енгізеді. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу шығармашылыққа баулуға, білім алушының бойындағы талант көзін ашып, тілін байыту, қиялын ұштау мен өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді, еркін дамуына, белсенді, шығармашы болуына жағдай жасайды. Осыған байланысты оқыту мазмұнын, түрін, әдісін дұрыс таңдай білу өте қажет.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан мектебі, №12, 2010.
2. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту //Білім-Образование.2006.-№2.
3. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. Т. 2. – М.: Педагогика, 1982.
4. Темпл Ч., Стилл Дж., Мередит К. Сыни ойлауды дамыту әдістері. №2 оқу құралы.–Алматы, 1998.

УДК 81'42:811.512.122

ЖОО ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТТІ СТУДЕНТТЕРІНЕ КӨРКЕМ МӘТІНДІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУДЫ ҮЙРГІЗУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Алтыбаева А.Б. – гуманитарлық ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті Тілдік даярлау орталығының аға оқытушысы.

Мақалада көркем мәтіннің лингвистикалық талдау нысаны ретіндегі ерекшелігіне сипаттама берілген.

Негізгі сөздер: көркем мәтінді лингвистикалық талдау

Көркем әдебиет тілін, сонымен бірге көркем мәтін тілін зерттеудегі негізгі мақсат – көркем туындының бейнелі құрылымының өзіндік ерекшелігін ашу, көркем мазмұнды бейнелейтін тілдік құралдардың қызметін көрсету. Ал олардың алғышарттарына мыналар жатады:

- 1) көркем шығарманың мазмұн мен формасын (тілін) бірлікте алып зерттеу;
- 2) көркем шығарманың өзара және басқа компоненттерімен байланыс, қарым-қатынасын ескеру;
- 3) бейнеленетін мазмұнға автор қатынасын ескеру;
- 4) шығарманың жанрлық ерекшеліктерін ескеру;
- 5) ғылыми дамудың жаңа бағыт-бағдарларына сүйену т.б.

Көркем шығарма тілін талдаудың ғылымда синтетикалық әдіс, құрылымдық және статистикалық әдіс түрлері белгілі. Бұл әдістердің бірін көп дәрежеде, бірін аз дәрежеде, бірін негізгі етіп, қалғандарын көмекші етіп – барлығын да қолдануға болады [Брандес М.П. Стилистический анализ (на материале немецкого языка). – М.: Высшая школа, 1971.-190р.].

Көркем мәтінді зерттеудің талдаудың әдістері мен ұстанымдарының, қырларының күрделілігі әрі әртүрлілігі және қажеттілігі әдебиеттің өзіндік ерекшелігіне байланысты. Көркем әдебиетте өмір және басқа да өмір нысандары адамның көңіл-күй, сезімімен бірлікте алып қарастырылады. Сондықтан ондағы негізгі орталық тұлға – адам және оның күйініш-сүйініші болып табылады. Әдебиеттің өнер ретіндегі басты ерекшелігі, мәні де осында. Өнердегі эмоция, көңіл-күй ерекше мәнге ие. Мысалы, ғылыми шығармалардағы эмоционалды тікелей ғылыммен байланысты болып, оқырманын алға жетелеп отырғанмен, ол нақты ғылым ұғымдардың, ақиқаттың табиғатына жат болып келеді. Ал өнердегі эмоция – шығармашылықтың ең бірінші элементі, ол шығарманың мазмұнымен біте қайнасып жатады. Көркем әдебиет әр ері өмірді сезім арқылы танытып қана қоймайды, ол сол арқылы өз оқырманына эстетикалық құлпал етеді. Оның негізінде, сонымен бірге, көркем әдебиеттің әрі қоғамдық, әрі қатысымдық қызметі жатыр. Қатысымдық қызмет дегенде көркем шығарманың өз оқырманына бағытталуын, жанама түрде жүзеге асатын автор мен оқырман арасындағы қарым-қатынасты, бір-біріне тигізетін ықпалды айтамыз. Осыған байланысты көркем мәтінді зерттеудің теориялық мәселелері туралы сөз қозғайтын кезде, ондағы көркем образ бен көркем шығарманың гносеологиялық табиғатын, әдіснамалық негіздерін ескеру өте маңызды. «Өнер», «бейне» ұғымдары, оның эстетикалық мәні, танымдық бейне және оның типтері, ғылым мен өнердің айырмасы, ғылыми және көркем танымдағы интуитивті бейнелер, «көркемдік модель» (ғаламның екінші модельдік жүйесін жасау), метафоралық ойлау және таным, «ақиқаттың концепциясы» т.б. көркем мәтіннің гносеологиялық, эстетикалық табиғатына қатысты мәселелер оны зерттеудің негізіне қаланады.

Кез келген мәтін, соның ішінде көркем мәтін материалдық мәдениет нысаны бола тұрып, оны жасаушы автормен де, мәтіннің жазылған уақытымен, ортасымен, жағдайымен де тікелей байланысты болады. Бұл ерекшелік көркем мәтіндерді талдауда экстралингвистикалық факторларды басшылыққа алуды талап етеді.

Көркем мәтін мазмұны жазылу ортасына, дәуірі мен уақытына, ұлттық-мәдени және түрлі діни, философиялық түсініктерге, шығарма авторының психологиясына, белгілі бір әдеби мектепке, бағытқа тәуелді болады. Мәтіннің денотаттық, референттік, ситуативтік қасиет-сапалары осыларға байланысты қалыптасады. Кез келген көркем мәтін шынайы өмірдің эстетикалық бейнесі секілді болады. Сол себепті көркем мәтінге тілдік жүйенің эстетикалық қызметі барысында қалыптасатын метаморфтық қасиет тән болып келеді. Ол әрі функционалды, әрі эстетикалық жүйе болып табылады.

Л.Г.Бабенко мен Ю.В.Казарин шынайы көркем мәтін келесі сапалардан тұратынын көрсетеді: антропоцентрилік, әлеуметтік, диалогтық, толыққандылық өзі бірізділік, статикалық және динамикалық, өсерлілік, эстетикалық, бейнелілік және түсіндіріліп-талдануы.

Е.А.Гончарованың ойынша, көркем мәтіннің антропоцентрилігі оған ұйытқы болған үш орталықтан көрінеді: автор – көркем шығарма иесі; кейіпкерлер; оқырман – «туындының жасалуына қатысушы жанама тұлғалар» [Гончарова Е.А. Интерпретация художественного текста. М., 1983 б. 3-беттен]. Демек, көркем шығарманы жасаушы да адам, оның бейнелейтіні де адам және оның өмірі мен қоршаған ортасы, оны оқытын да адам, ол адамға арналып жазылады. Оның антропоцентрилігін осыдан-ақ көруге болады.

Көркем мәтіннің әлеуметтік қасиет-сапасы оның әлеуметтік қызметті жүзеге асыруымен байланысты түсіндіріледі. М.М.Бахтиннің ойынша, кез келген әдеби туынды іштей әлеуметтік шартты болып құрылады. Онда шынайы өмірдің әлеуметтік сырлары беріледі. Сондай-ақ, көркем мәтін белгілі бір уақыттың, дәуірдің, әлеуметтік қоғамның туындысы болып табылады.

Көркем мәтіннің диалогтық қасиет-сапасын М.М.Бахтин оның мазмұнының тек бір ғана дәуірмен шектелмей, ашық, көпқабатты болып құрылуымен түсіндіреді. Шынайы мәтіннің мағынасы терең болып келеді, осының салдарынан қанша уақыт өтсе де оның өзектілігін жоғалтпайды.

Көркем мәтіннің толыққандылығы және бірізділігі (немесе қисындылығы) оның мазмұны арқылы да, пішіні арқылы да қалыптасады. Толыққандылық басты тақырып пен шағын тақырыптардың арасындағы байланыстан көрінеді.

Статикалық пен динамикалық мәтіннің зерттелу аспектісіне қарай анықталады. Егер мәтін бейлеу өрекетінің жемісі ретінде қарастырылса, ол статикалық қырынан танылады. Ал егер ол жасалуы, қабылдануы, түсінілуі тұрғысынан қарастырылса, динамикалық қырынан қарастырылады.

Мәтін әсіресе құрылымдық-семантикалық талдауда статикалық тұрғыдан талданады. Ал психолингвистикалық, деривациялық, қатысымдық лингвистикалық тұрғыдан талдауда ол динамикалық қырынан талданады. Жалпы көркем мәтінді зерттеуде бұл екі аспектінің екеуін де назарға алған дұрыс.

Көркем мәтіннің өсерлілігі В.Г.Адмонидің зерттеулерінде терең қарастырылды. Оның ойынша, «көркем мәтін алғашқы жәндарды оқығаннан-ақ оқырманды баурап алатындай болып, оның

**ӨЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ**

шығушылығын бірте-бірте күтпеген жерден күшейтуі керек... Сол кезде оқырман шығарма жаңының қалай бітетініне құмарта түседі.

Көркем мәтіннің эстетикалылығы оның өзіне тән ерекшелігіне туындайды. Н.С.Болотнованың ойынша, эстетикалық қызметтен туындайтын прагматизм көркем мәтіннің эстетикалық өсерін шештейді; эстетикалық бағдарланған концептуалдық сапа – автордың шығармашылық дара тұлғасын, оның шынайы өмірге деген өзіндік қатынасын көрсетеді.

Бейнелілік – мәтіннің көркем бейнелер жүйесін айқын суреттеп алуынан көрінеді.

Көркем мәтін мазмұнының тереңдігі және психологиялық, философиялық көпқабатты болып алуы және оның көркем шығарма болумен қатар, жеке автордың дүниетаным, табиғатымен бірге бірігуі оны түсіндірудің сан алуан жолдарын қалыптастырады.

Ал Валгина өз зерттеулерінде көркем мәтінді өзге мәтін түрлерімен салыстыра келіп, оның ерекшеліктері мен айырмашылықтарын жинақтап көрсетеді. Оның ойынша көркем мәтіндердің өзге мәтіндерден басты айырмашылығы келесі белгілеріне қарап ажыратылады:

- 1) қарым-қатынас пен адам өмірінің арасында тікелей қатынастың болу-болмауы, оның міндетті емесе адамның өз еркімен болуы;
- 2) эстетикалық қызмет атқару/атқармауы;
- 3) мазмұнының астарлы/ашық берілуі (мәтін астарының болу-болмауы);
- 4) көпмағыналылықтың болу/болмауы;

| Көркем мәтін | Көркем мәтін мен басқа мәтіндер |
|---|--|
| Тектік-жанрлық белгілеріне қарай ұйымдасады | Публицистикалық, ғылыми, ресми мәтіндер болып, типтік белгілеріне қарай ұйымдасады |
| Ассоциативтік-бейнелі ойлау заңдылықтарына негізделеді | Логикалық ойлау заңдылықтарына бағынады |
| Өмірлік материал автордың көзқарасымен, дүниетанымымен беріледі, сол себепті шығармада бейнеленген өмір астарлы мағынаға ие болып келеді. | Мәтіндердің мағынасына бір жақтылық және объективтілік тән болады, сол себепті мәтін мазмұны түсінікті, объективті болып келеді. |
| Адамның эмоционалдық ішкі дүниесі мен интеллектуалдық сана-сезіміне қатысымдық-эстетикалық тұрғыдан өсер етеді | Адамның эмоционалдық ішкі дүниесі мен интеллектуалдық сана-сезіміне қатысымдық-ақпараттық тұрғыдан өсер етеді |
| Ассоциативтік-образды құралдар молынан қолданылып, ол суретшінің эстетикалық идеясына, қиялына қызмет етеді | Ассоциативтік-образды құралдар қолданылмайды, болса да тек ақпаратты жеткізу мақсатында жұмсалады |
| Образды-эмоционалды және субъективті деректерге құрылады | Логикалық-ұйымдық, барынша объективті деректер беріледі |
| Сөйлемдер эмоционалды-риторикалық құрылымды болып келеді | Сөйлемдер рационалды-логикалық құрылымды болып келеді |

Кестеде көрсетілгендей, көркем мәтіндер өзге мәтіндерден мазмұны мен құрылымы жағынан өзгеше ұйымдасады. Көркем мәтіндерде ассоциативтік-бейнелі, эмоционалды образдардың басым болуы оның көркемдік таным табиғатына сай ұйымдасу ерекшеліктеріне байланысты. Көркем мәтіндер мен басқа мәтіндер танымның екі қабатын қамтиды: теориялық және эмпирикалық. Философияда танымның бұл екі сатысы дүниені қабылдаудың екі жолына көзі болса, психологияда бұл екі түрлі қабылдау үдерісі, ал логикада екі түрлі ойлау амалдары мен тәсілдері арқылы түсіндіріледі. Сол себепті бұл екі типтегі мәтіндердің арасындағы айырмашылықтар олардың жалпы табиғи болмысын сипаттайды.

Осы ерекшеліктеріне орай аталған екі мәтін типтері құрылымы жағынан да бір-біріне ұқсамайды. Рационалды, яки байланысты ойлауға құрылған мәтіндер шынайы өмірдің шындығын тікелей сипаттауға құрылса, эмоционалды-логикалық құрылымдар шынайы өмір шындығын бейнелеуге қызмет етеді.

Көркем мәтіндегі ассоциативтік байланыстар әр жазушыда, ақында әр түрлі бейне туғызады. Көркем мәтін үшін заттық-ұғымдық түсініктердің өзі емес, заттың санадағы, қиялдағы көркем бейнесі маңызды.

Көркем мәтінде шынайы өмірдегі материалдық заттардың өзі әр автордың санасында әр түрлі образдар қалыптастырады. Мысалы, М.Мақатаевтың шығармаларындағы ақ қайың бейнесі түрлі образдар тудырып, түрлі ассоциациялар әкелген:

- 1) Ақ қайың, сырлы қайың, арман қайың,
- Сырыңды айт, құр бекерге алданбайын.

Айналып неге саған келе берем,
Аяңда бір асылым қалғандайын.
Ақ қайың, арман қайың, ару қайың,
Сыр айтшы жанымменен қайыңдайын.
Айтшы сен, махаббатым қайда кетті?
Көктемде самал қуған сағымдайын.
Арманың өлі менің жүр есімде,
Бар санам сағынышпен күресуде.
Апырау, қайда менің махаббатым,
Ақ қайың, айтшы маған білесің бе? (М.Мақатаев)

2) Жапырақ жүрек жас қайың!
Жанымды айырбастайын.
Сен адам бола бастасаң,
Мен қайың бола бастайын,
Келісесің бе, ақ қайың?
Жапырақ жүрек жас қайың!
Жанымызды айырбастайық?
Адам боп жүрсең қасқайып,
Қайың боп тұрсам қасқайып,
Тәуекел, айырбастайық!
Өмірге өмір жалғасып,
Анамыз жерге жармасып,
Бірде адам, бірде қайың бол,
Сүрейік өмір алмасып... (М.Мақатаев)

1-мәтін сөзінде ақ қайың сырлас достың бейнесінде беріліп, 2-мәтінде ол табиғаттың мәңгілік бейнесі, шексіз өмірдің образын алмастырған. Алғашқы мәтінде автор «ақ қайың», «сырлы қайың», «арман қайың», «ару қайың» эпитеттері өдемі ару қызға тән эпитеттермен айшықталса, соңғы мәтіндегі қайың бейнесі тек «ақ», «жас» сөздерімен ғана шектелген. Сол себепті 1-мәтіндегі қайың бейнесі тек сырлас достың ғана емес, өткен өмірдің естелігі сүйген қыздың естелігі ретінде сипатталады. Өлеңге арқау болған махаббат тақырыбының ашылуына да осы себеп болған. Ал екінші мәтіннің философиясы мен тақырыбы бөлек, сондықтан ондағы «жас, ақ қайың» мен «өмір» ұғымдары ассоциативтік өрістері бір, іргелес образдар, ұғымдар болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына // Егемен Қазақстан. – 2006. – 27 мамыр.
2. Сулейменова Э.Д. Актуальные проблемы казахстанской лингвистики: 1991-2001. А, 2001. 84с.
3. Қалиев Ғ. Тіл білімі те, миндерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2005. 440б.
4. Николаева Т.М. Лингвистика текста: Современное состояние, синтаксис и перспективы //Новое в зарубежной лингвистике. Вып. 8. М, 1978.
5. Валгина Н.С. Теория текста.М: Логос, 2003.-280-б.